

Асыл тұқымды мал шаруашылығының қолдауға 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану бойынша құжаттардың нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 03 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 11 қарашада № 2113 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 01-30-1050 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.16 № 01-30-1050 хатымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес және «Облыстық бюджеттердің асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № 242 қаулысын орындау үшін, облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осы шешімге 1, 2, 3, 4, 5 – қосымшаларға сәйкес, Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану бойынша құжаттардың нысандарын бекітілсін.

2. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (Т. Қалжанұлы) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді хабардар етуді қамтамасыз ету бойынша және заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары З. Паритова жүктелсін.

4. Осы шешім ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

К Е Л І С І Л Д І :

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
А . С . М а м ы т б е к о в

25 қазан 2011 ж.

Маңғыстау облысы қаржы
басқармасының бастығы
М . Б . Ә л і б е к о в а

25 қазан 2011 ж.

Маңғыстау облысы экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасы бастығы
Х . Х . Н ұ р ғ а л и е в а

25 қазан 2011 ж.

Маңғыстау облысы әкімінің
2011 жылғы 25 қазан
№ 3 шешіміне
1 - қосымша
Үлгілік нысаны

**Асыл тұқымды өнімді (материалды)
сатып алу – сату шарты № _____**

_____ қаласы 2011 ж. «___» _____ »
(елді мекен)

Асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектісі _____
(толық атауы)

_____ атынан _____
(қызметі, толық аты-жөні)

Жарғының және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті
органның (жергілікті атқарушы органның) «___» _____ 20__ жылғы берілген
№ _____ Аттестатының (куәліктің) негізінде әрекет етуші, бұдан әрі Сатушы деп
аталатын, бір жағынан, Сатып алушы _____

(ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің
_____ екінші жағынан Жарғы негізінде іс-әрекет ететін
толық атауы – керегін көрсету)

_____ басшысы тұлғасында, асыл тұқымды өнімді
(толық аты-жөні)

(материалды) сатып алу – сату жөнінде осы шартты жасастық.

1. Шарттың мәні

1.1. Сатушы өндіреді және сатады, Сатып алушы құнын төлеп, сатып алады _

(ескертуге сәйкес толтырылады*)

2. Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) саны

2.1. Осы шарт бойынша қарастырылған Сатушының сататын және Сатып алушының сатып алатын асыл тұқымды жас малдың саны _____ бас, жалпы тірілей салмағы _____ кг құрайды, оның ішінде:

- 1) элита рекорд _____ бас, тірілей салмағы _____ кг;
- 2) элита _____ бас, тірілей салмағы _____ кг;
- 3) I класс _____ бас, тірілей салмағы _____ кг;
- 4) II класс _____ бас, тірілей салмағы _____ кг.

3. Шарттың жалпы құны

3.1. Осы шарттың жалпы құны тиесілі субсидияны есептемегенде _____ теңге. (цифрлармен және ж а з б а ш а)

3.2. Асыл тұқымды жас малдың класына байланысты асыл тұқымды жас малдың бір басының бағасы (субсидияны есептемегенде):

- 1) элита рекорд ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;
- 2) элита ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;
- 3) I класс ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;
- 4) II класс ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге.

3.3. Сатушыға тиесілі субсидияның мөлшері _____ теңге, (цифрлармен және ж а з б а ш а) оның ішінде (асыл тұқымды жас малдың класына байланысты):

- 1) элита рекорд ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;
- 2) элита ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;
- 3) I класс ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге;
- 4) II класс ____ (бір басына) теңге, ____ (1 кг тірілей салмағына) теңге.

4. Есеп айырысу шарты

4.1. Төлем нысаны: _____ (қолма-қол және есеп шоттық есеп айырысу, №, күні және

_____ төлем құжатының атауы

5. Тараптардың міндеттері

5.1. Сатушы міндеттенеді:
осы шарттың 2.1. тармағында көрсетілгендей Сатып алушыға сапалы асыл тұқымды өнім (материал) көлемін сату;
сатылған асыл тұқымды өнімнің (материалдың) барлық көлеміне асыл тұқымдық және ветеринарлық куәліктерді Сатып алушыға беру.

5.2. Сатып алушы міндеттенеді:
сатып алынған асыл тұқымды өнімге төленгеннен кейін бір апта ішінде (сатушының аумағында карантиндік шараларды есептемегенде) оларды өз аумағына шығаруды қамтамасыз ету;

сатып алынған асыл тұқымды өнімнің көлемі туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша аудандық инспекторды келген жері бойынша хабардар ету;

асыл тұқымды өнімді (материалды) тек қана асылдандыру мақсатында пайдалану;

табынның өз төлінен өсірудегі асыл тұқымды төл:
асыл тұқымды тоқтыларды және інгендерді екі рет төлдегенге дейін (боталау);

асыл тұқымды бураларды шағылыстыру маусымы – кемінде екі рет (шағылыстыру маусымы мамыр - қазан айлары).

Асыл тұқымды малдардың белгіленген мерзімнен ерте шығарылған жағдайда иесі округтің ветеринар дәрігерімен және мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен себебін көрсетіп шығарылу туралы акті толтырады.

6. Ерекше шарттар

6.1. Осы шарт 3 данада жасалады және Сатушы мен Сатып алушы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

7. Тараптардың заңды мекен – жайы мен деректемелері

« С а т у ш ы » « С а т ы п а л у ш ы »

_____ (пошталық мекен – жайы) (пошталық мекен – жайы) _____

_____ (банкілік деректемелері) (банкілік деректемелері)

(аты-жөні, басшының қолы) (аты – жөні, қолы)
М.О. М.О.

Е с к е р т у :

* асыл тұқымды төлдерді сатып алғанда міндетті түрде олардың тұқымын, жыныстық жастық тобы және жасы көрсетіледі.

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы бойынша аумақтақ бөлімшенің мемлекеттік инспекторлары өз құзіреттілігі шегінде өз қызметтерін жүзеге асырады.

Сатып алынатын асыл тұқымды малдардың жасы артық болмауы:

| | | | |
|---------|------------------------------------|--|--|
| Қойлар. | | | |
| | Ұрғашы тоқтылар Тоқты кошқарлар | 6 - 18 айға дейін; 6-18 айға дейін. | |
| Түйелер | | | |
| | Ұрғашылары Еркектері | 3 жасқа дейін; 5 жасқа дейін. | |
| | | | |
| | | | |

Маңғыстау облысы әкімінің
2011 жылғы 25 қазан
№ 3 шешіміне
2 - қосымша
Нысан

Сатып алынған асыл тұқымды мал басына 2011 жылы субсидия алуға ӨТІНІМ

1. Тауар өндіруші _____.
(тауар өндірушінің атауы – сатып алушы)
2. 2011 жылғы 1 қаңтарға қолда бары _____
(малдың түрі, тұқымы, өнімділік бағыты көрсету)
бас, оның ішінде аналық мал (2 жастан асқан) _____ бас (мал бар болған жағдайда _____ толтырылсын).
3. 2011 жылы _____ бас сатып алу жоспарланды, оның ішінде аналықтар _____ бас (малдың түрі, тұқымы және өнімділік бағыты көрсетілсін).
4. _____ бас сатып алуға ниетті шарты бар, оның ішінде аналық _____ бас (бар болған жағдайда _____ көрсету).

5. Асыл тұқымды малдарды сатушы _____
(асыл тұқымды

мал шаруашылығының атауы - сатушы)

6. Сатып алынған мал басын сатып алу – сату шартында көрсетілген мерзімде ары қарай өз төлінен өсіру үшін қолдануға міндеттенемін.

7. Пайдаланылатын жердің болуы, барлығы _____ га., оның ішінде егістік жер _____ га., жайылым жер _____ га.

8. 2011 жылғы 1 қаңтарға кезінде азықтың қоры:

1) шырынды азықтар _____ тонна;

2) сояулы азықтар _____ тонна;

3) құрама жем _____ тонна;

4) дәнді жем _____ тонна.

9. 2011 жылы өндіріледі:

1) шырынды азықтар _____ тонна;

2) сояулы азықтар _____ тонна;

3) құрама жем _____ тонна;

4) дәнді жем _____ тонна.

10. 2011 жылы сатып алынады:

1) шырынды азықтар _____ тонна;

2) сояулы азықтар _____ тонна;

3) құрама жем _____ тонна;

4) дәнді жем _____ тонна.

11. Тауар өндірушінің мекен-жайы (толық) _____

12. Өтінімге келесі құжаттар қосылады:

1) ветеринариялық қолайлылығы туралы анықтама;

2) заңды тұлғаның тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің көшірмесі;

3) клиенттің салық есебінде тұрғанын растайтын, салық органымен берілген құжаттың көшірмесі;

4) банктегі есеп шоттың болуы туралы, оның нөмірі көрсетілген банктің анықтамасы;

5) ақпараттық үлгіде көрсетілген сараптамалық ветеринарлық және зоотехникалық есеп жүргізу жүйесін енгізуге міндеттеме.

Кәсіпорынның басшысы _____ (аты жөні, қолы, мөрі) « _____ » _____ 2011 жыл

«Растаймын»*

_____ облысы _____ ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің
 бастығы _____ (аты жөні, қолы, мөрі)
 « ___ » _____ 2011 жыл

Ескерту:

* Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы заңнамалық белгіленген тәртіпте өтінімде көрсетілген ақпараттың дұрыстығын тексеру және критерийлерге сәйкестігін анықтау, және де сатып алынған мал басының болуын тауар өндіруші оны растайтын сәйкес құжаттарды ұсынғаннан кейін тексеру үшін комиссия құруға құқығы бар.

Маңғыстау облысы әкімінің
 2011 жылғы 25 қазан
 № 03 шешіміне
 3 - қосымша

Нысан

Маңғыстау облысы бойынша асыл тұқымды өнімнің (материалдың) _____

_____ -
 сатып алуы және қолдануы туралы 20___ жылғы _____ тиесілі
 (а й ы)

субсидияның сомасы жөніндегі

Жиынтық акті*

| P/c № | Атауы | | Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) түрі** | Жылдық квота | | Нақты сатып алынғаны (кг) | | 1 кг. тірілей салмағы-на субсидия нормативі, теңге | Тиесілі диянып сомасы, |
|-------|-----------|---|---|--|-------|---------------------------|--------------------------|--|------------------------|
| | ауданының | асыл тұқымды өнімді (материалды) сатып алушының | | асыл тұқымды төлді сатып алуға жалпы тірі-дей салмағы кг | теңге | жыл-дың ба-сы-нан | есеп беру ай-дың ішін-де | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

* сатып алынған асыл тұқымды өнімнің әрбір түріне жеке жасалады.

** асыл тұқымды төлдің жыныстық-жастық тобын көрсету қажет.

_____ облысы мал шаруашылығы бөлімінің бастығы (жауапты орындаушы) _____
 _____ (аты-жөні, қолы)

Маңғыстау облысы әкімінің
 2011 жылғы 25 қазан

| Сатып алу - шының атауы | Асыл тұқым-дың өнім-нің мате-риал-дың) түрі | Жеткізілген квота | | Сатушы | | | | Малды асылдандыру-п немесе дистр терлік орталық | |
|-------------------------|---|-------------------|--------------------|--------------------|--------------------|---------------------------|--------------------|---|--------|
| | | тірі салма-ғы кг | сома-сы, мың теңге | Асыл тұқымды зауыт | | Асылдандыру-шы шаруашылық | | | |
| | | | | тірі салма-ғы кг | сома-сы, мың теңге | тірі салма-ғы кг | сома-сы, мың теңге | доза-сы | сомуын |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

* Тоқсанына 1 рет ұсынылады

Мал шаруашылығы бөлімінің бастығы _____ (Т. А.Ә., қолы)

Бас бухгалтер _____ (Т.А.Ә., қолы)